



Робототехника, бағдарламалау және инновациялық
технологиялардың «ROBOTUR» ІІ-ші облыстық байқауының

ЕРЕЖЕСІ

(Білім беру ұйымдарының педагогтері үшін)



Түркістан 2022 ж

Облыстық "ROBOTUR" II-ші мұғалімдер арасындағы байқауын
ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер.

1.1. Осы Ереже облыстық "ROBOTUR" II-ші байқауын (бұдан әрі - Облыстық Байқау) өткізу және оған қатысу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2. Кәсіби байқаулар өткізу білім беру жүйесіндегі, педагогтердің нысаналы дамуына, кәсіби шыңдалуына ықпал етеді.

1.3. Байқауды Түркістан облысының Білім беруді дамыту орталығы өткізеді.

1.4. Байқауға білім беру ұйымдарының *информатика, математика, физика* пәндері мұғалімдері қатыса алады.

1.5. Байқауды өткізу үшін қатысушылардың кворумы жалпы санының үштен екі санынан кем болмауға тиіс.

1.6. Байқаудың штаттық режимде (санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға қарай онлайн жүйесінде) өткізіледі.

1.7. Байқауға дайындық, оны өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін облыстық Білім беруді дамыту орталығы директорының бұйрығы негізінде ұйымдастыру комитеті құрылады. Облыстық ұйымдастыру комитетінің құрамына орталық директоры, директор орынбасары және бөлім басшылары енеді.

Байқау робототехника мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін дамыту, оларды инженерлік машықтандыру, робототехника және бағдарламалау білімін дамыту, тәжірибелермен алмасуға бағытталған.

1.8. Білім беруді дамыту орталығының директоры ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып табылады.

1.9. Байқаудың төрешілер алқасы: төрағадан (төрайымнан) және алқа мүшелерінен тұрады. Төрешілер алқасының төрағасы (төрайымы) мен мүшелерін орталықтың директоры бекітеді.

1.10. Төрешілер алқасының құрамына ЖОО оқытушылары, біліктілікті арттыру орталықтарының мамандары, жоғары біліктілігі бар педагогтер кірр

2. Байқаудың мақсаты және міндеттері

Байқау мақсаты - облыс робототехника мұғалімдерінің шығармашылық және кәсіби өсуін ынталандыру, озық тәжірибелерін жинақтау және тарату.

Байқаудың міндеттері:

- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату;
- білім беру кеңістігін әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру.

3. Байқауды ұйымдастыру комитетінің міндеттері

3.1. Облыстық ұйымдастыру комитеті:

- байқаудың барлық кезеңдерін өткізу тәртібін анықтайды;
- байқауды тікелей басқаруды жүзеге асырады;
- байқаудың жоғары деңгейде өтуі үшін пәндер бойынша қазылар алқасы құрамын анықтайды;
- қазылар алқасы жұмысын ұйымдастырады;
- облыстық байқаудың қорытындысына талдау жасайды және жинақтайды, есеп береді.

3.2. Ұсынылатын тапсырмалардың бағыттар (кезеңдер) бойынша сәйкестігін қамтамасыз етеді.

4. Байқаудың төрешілер алқасының міндеттері:

- ұйымдастыру комитетіне байқау қорытындысы туралы есеп тапсырады;
- ұйымдастыру комитетіне жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттау жөніндегі ұсыныстар жасайды;
- байқау қатысушыларының орындаған жұмыстарына талдау жүргізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және ұйымдастыру комитетіне жүлделі орындарды тағайындау үшін ұсыныстар береді;
- қазылар алқасының шешімімен келіспеген жағдайда апелляцияға жүгінген қатысушылардың өтінішін қарайды.

5. Байқауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері:

- байқауға қатысушылар белгіленген уақыттан кешікпей келуі тиіс;
- байқау кезінде әдеп нормаларын сақтауы қажет;
- қатысушыларға аудиторияға ұялы телефонмен кіруіне тыйым салынады;
- байқауға қатысушылар тарапынан қорғаушы педагогке сұрақ қойып, кедергі келтіруге тыйым салынады;
- байқауға қатысушы қазылар алқасының шешімімен келіспеген жағдайда, байқау қорытындысы шыққанан кейін 2 сағат ішінде апелляцияға жүгінуіне болады;
- байқау жеңімпаздары марапаттау рәсіміне белгіленген уақыттан кешікпей келуі тиіс және әдеп нормаларын сақтауы қажет.

2-тарау. Байқауға қатысушылар және өткізу тәртібі.

5.1. Облыстық байқау 8 санат бойынша өтеді: Сызық бойымен жүру, Сумо Grand, Робофутбол (басқарылатын), Сатылы жол, Роботтар құрастыру, Drone racing , Бәйге, 3D моделдеу.

5.2. Облыстық байқауға жоғарыда аталған санаттар бойынша аудандық (қалалық) кезеңнің жеңімпаздары қатысады. Соңғы 3 жылдағы аталған байқау жүлдегерлері байқауға қатыса алмайды.

5.3. Байқау ІІ кезеңде өткізіледі:
бірінші кезең – аудандық (қалалық);
екінші кезең - облыстық.

Байқауға қатысушылардың тапсыратын құжаттары:
аудандық, қалалық білім бөлімі басшысының үлгіге сәйкес сұранысы;
аудандық, қалалық кезеңде І орынға ие болған команданың тізімі.

Облыстық «**ROBOTUR**» ІІ-ші байқауына қатысуға СҰРАНЫС

№	Команда атауы	Ауданы	Мектебі	пәні	Пед. өтілі, санаты	Жұмыс атауы	Ұялы телефоны, электронды поштасы
1							

Байқау өту мерзімі мен тәртібі:

6. Іріктеу жарыстарын өткізетін ұйымдастырушылардың міндеті:

- Байқаудың ұйымдастырушы комитетіне 2022 жылдың 20 ақпанына дейін жарыстарды өткізу мерзімі және іріктеу жарыстарының санаттар тізімін, сондай-ақ ақтық жарыстарға қатысу үшін таңдалған санаттар жайлы ақпараттарды жіберуге;
- Іріктеу жарыстарын 2022 жылдың 20-шы наурызға дейін өткізуге;
- Іріктеу жарыстары өткеннен кейін бір апта ішінде толық ақпаратты Түркістан облысының білім беруді дамыту орталығына IT@adisnama.edu.kz электронды поштасына жіберу;
- Байқаудың логотиптерін жарыстарды өткізу орындарына ілуге.
- Іріктеу жарыстарын өткізу тәртібін, тіркеу және жарысқа қатысуды осы Ережеге және Регламентке сай ұйымдастырушылар өздері анықтайды. Іріктеу жарыстарын өткізу үшін ұсынылатын санаттар тізімі №1 Қосымшада көрсетілген.
- Іріктеу жарыстарын өткізуде міндетті түрде командалардың дайындық деңгейі ескерілуі тиіс, жарыстар бастапқы деңгей қатысушыларын тартумен өткізілуі керек.
- Іріктеу жарыстарын өткізу бойынша барлық шығындарды білім бөлімдері өз тарапынан көтереді.
- жарыстар нәтижесі бойынша әрбір аудан және қала атынан ақтық жарыстарға қатысатын командалар саны **біреу**.

- Іріктеу жарыстарының төрешілер ұжымы Ұйымдастырушылар шешімімен анықталады.

7. «ROBOTUR» ақтық жарыстарын ұйымдастыру

- «ROBOTUR» ақтық жарыстары 2022 жылдың сәуір айында Түркістан қаласында өткізіледі. Байқау финалының қысқаша бағдарламасы ***бір апта бұрын*** аудандық, қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдеріне жіберіледі.

- Ұйымдастырушылар алдын ала ескертусіз қандай да бір санат квоталарын өзгерте алады. Тіркеуден өткен барлық командалар ақтық жарыстарға қатысу құқығына ие болады.

Ақтық жарыстарға қатысуға төмендегі командалар жіберіледі:

- Алдағы жарыстарға қатысу үшін санаттарын белгілеп қойған «ROBOTUR» байқауының жеңімпаздары;

- Рұқсат етілген командалар санына сай байқаудың іріктеу жарыстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері;

- Аудандық іріктеуден өткен командалар;

- Әр командада екі жүйелік фильтр, бағдарламалық қамсыздандыруы орнатылған ноутбук, қажетті материалдар, бөлшектер мен құрылымдар жиынтығы, қосымша батареялар, қуаттандырғыштар мен т.б. жарысқа қажетті құрылғылар болуы керек;

- Бағдарламалау тілі: шексіз;

- Ұйымдастырушылар осы ережеге, оның Қосымшалары мен Регламентке кез келген уақытта өзгертулер енгізуге құқылы. Енгізілген өзгертулер туралы Байқау басталғанға дейін 10 күн бұрын аудандық білім бөлімдеріне жарияланады.

- Ұйымдастырушылар Байқау талаптарын бұзған қатысушылар мен командаларды жарыстардан алып тастауға, төрешілер тарапынан қолғабыстар болған жарыс санаттарының нәтижелерін есепке алмауға құқылы.

- Ұйымдастырушылар қатысушыға немесе басқа да біреуге өз шешімдерін түсіндірмеуге құқылы.

- Барлық құрылғылар мен роботтар ешкімге, еш адамға, басқа роботтарға, құрылғыларға немесе жарыс жолақтарына кедергі келтірмейтіндей етіп жасалуы тиіс.

- Ақтық жарыстарды өткізу кезінде қатысушылар өз ауданын, қаласын ерекшелеп көрсететін белгісі болуы керек. Команданың барлық мүшелері жаттықтырушыны қоспағанда команда атауы немесе логотипі бар бір түсті жейделерде (футболка немесе тенниска) болуы керек.

- Байқауға қатысушы қонақтар мен команда мүшелері Байқау шаралары аясында түсірілетін фото және видео түсірілімдерге өз келісімдерін береді, дайын материалдарды ұйымдастырушылар өңделген соң ақпараттық немесе жарнамалық мақсаттарда қолдана алады, және де олар қолданыстағы Заңнамаға сай жеке мәліметтерді қолдануға өз келісімдерін береді.

- Байқауға қатысу арқылы команда мүшелері кез келген санатта жеңген робот құрылымдары байқау ұйымдастырушылары немесе олардың серіктестері дайындайтын әдістемелік материалдарда қолдануға өз келісімдерін береді.
- Ақтық жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік шараларын Байқау ұйымдастырушылары өз мойындарына алады. Жеке қауіпсіздікке, жеке мүлікті және жеке құжаттарды сақтауға қатысты барлық мәселелерді қатысушылар өз еріктерімен шешеді.
- Қатысушылар Қауіпсіздік қызметінің талаптарын орындауға міндетті.

8. Марапаттау және қорытындылау

Байқаудың қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған жұмыстар Түркістан облысының Білім беруді дамыту орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен, номинациялар және сыйлықтармен марапатталады.

Ескерту: Қатысушылардың жұмыстары, нәтижелері лайықсыз болып табылған жағдайда дәрежелі дипломдардың саны қазылар алқасының және ұйымдастырушы комитетінің шешімімен қысқартылады.

Қосымша 1

Іріктеу жарыстарын өткізу үшін ұсынылатын санаттар тізімі

к/с	Санаттар атауы
1	Сызық бойымен жүру
2	Drone racing
3	3D модельдеу
4	Сатылы жол
5	Робофутбол (басқарылатын)
6	Сумо Grand
7	Роботтар үлгісін құрастыру (Тосын сый)
8	Бәйге